

The problem of literature in the literary and scientific epistolary heritage of S. Mukanov

A.B. Yersainova¹., Zh.S. Talaspayeva²

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

²M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, 150011, Republic of Kazakhstan

The article describes in detail the letters of the classic writer Sabit Mukanov devoted to Kazakh literature and criticism in the epistolary heritage, the history of literature. Before creating his works, the writer paid attention to studying specific topics. One of the parts of the study includes letters to various scientists, writers, and scientific institutions. With the help of letters, he collected a lot of data, edited and analyzed them, and this letters were shown in his works.

In this article, a scientific analysis of the letters of academician-writer Sabit Mukanov related to literature and his work is carried out. The authors analyze which letter served as the background for the creation of a particular work, thereby revealing and defining the nature and psychology of the writer's creativity. The research has been performed on the thematic classification of the classic writer's letters.

Analyzing the epistolary heritage of Sabit Mukanov, we can see that he has good instruments of citizenship development, showing great culture. The main purpose of the article is to analyze the individual letters and scientific letters of writers in the general epistolary genre by studying the letters of Sabit Mukanov. Thus, the article determines the author's psychology and the position of academician-writer Sabit Mukanov.

Key words: letters, epistolary genre, scientific letters, literary statements, verbal disputes, psychology of the writer.

Received: 03.07.2023

FTAMP 16.31.61

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp103-110](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp103-110)

Р.Ж. Қияқова¹, Г.Ш.Шахманова¹, Т.Берикбол¹

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

Т. ҚАЖЫБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІНИ ТАҒЫЛЫМ

Мақалада тіл арқылы халықтың ертедегі рухани байлығын зерттеу мақсатында қарымды қаламгер Төлеген Қажыбайдың «Аран» повесінде кездесетін діни лексика қарастырылады.

Жазушы шығармасында кейіпкерлерді суреттеу, олардың іс-әрекеттерін көрсету, ашаршылық заман көрінісін бейнелеуде діни ұғымдарды ұтымды қолданған. Қаламгер повестегі кейіпкерлердің сол кезеңдегі жай-күйін, тұрмыс-тіршілігін қазақы дүниетаным мен ұстанымы арқылы суреттеген. Заманы қиын болса да кебінін кигізу, адамды жерлеу, көңіл айту, жаназасын шығару сияқты діни мәдениетті де ерекше көрсете білген. Осы тұста, мақалада «Аран» повесінен алынған үзінділерден дін, мәдениет, тіл ұғымдарының бір-бірімен тығыз байланыстығын байқауымызға болады. Автор қолданысындағы діни тілдік бірліктерге кірме сөздік, исламдық терминдер сөздігі, қазақ әдеби тілінің сөздіктерінен түсінік беріліп талданады.

Кілт сөздер: этномәдени лексика, лингвокультура, ұлттық дүниетаным, теология, теоллингвистика, діни ұғым, ислам діні.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ халқы әуел бастан дүниетаным, оның ішінде діни дүниетаным арқылы өзі мен жан-жағын таныған халық. Бұл халық ауыз әдебиеті үлгілерінен де, жыр-дастандардан, авторлық шығармашылықтан да айқын көрінеді. Халқымыз айтар ойы мен ақыл-уағзын, өсиеті мен өнегесін жұрттың жүрегіне жеткізу үшін өлең сөзбен өрнектеген. Жақсылыққа шақыру мен жамандықтан тыю, халықты имандылыққа, бірлікке шақырып, адамгершілікке үйрету де сөз өнері арқылы көрініс тапқан. Ислам дінінің халық ауыз әдебиетіндегі сан алуан қисса-дастандар, жарапазан үлгілері т.б. осыны дәлелдейді.

Осы тұста көрнекті ақын, қарымды қаламгер, драматург Төлеген Қажыбайдың шығармашылығы мен діни ұғымдарды тұтастықта қарастыра зерттеу мақаламыздың өзегі болмақ.

КІРІСПЕ

Атақты ағартушы Ыбырай Алтынсарин өз заманында исламға ден қоя отырып, «мұсылманшылықтың тұтқасы – сенім, иман, имандылық» деп дәйектесе, ұлы ақын Мағжан Жұмабаев дін рәсімдерінің тұрмыс дағдыларымен астарластығын «Ораза деген қазаққа құлшылық емес, әдеп қой», – деп бір ауыз өлеңмен сипаттаған. Ойшыл жазушы Ғ.Мүсірепов дін жөнінде: «Адам баласы бірдемеге сенбей, арқа сүйемей тұра алмайды, сол сенімнің аты – дін. Ең арғысы, саяси сенім дегеннің өзі – халықтың басым көпшілігі үшін дін», – деп оның адам өміріндегі рухани күшін жоғары бағалағаны белгілі [1].

Атам қазақ иманын – өз болмысының тірегі мен ар-ожданның асыл тас ақиқаты деп ұққан. Сол себепті жүректен иман шыққаннан кеудеден жан шығуды артық санаған. Оған мына сөзі куә: «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы». Бұл жерде «арым» деп отырғаны – иман. «Ұят кімде болса, иман сонда» деуі де, содан қалған. Ар-ұятын сатқан жанға «иманын сатты», арысз жанды «имансыз» деген сөзбен түйреген. Қазақта мұндай сөз тіркестері толып жатыр. Бұл – аса иманды, момын-мұсылман жан екендігінің белгісі. Яғни, қазақ барлық игі жақсылықты иман сөзімен, барлық жамандықты имансыз сөзімен қолданған. Иә, қазақ шыр етіп дүниеге келген баланың құлағына азан шақырып, ажалы жетіп, бұл жалғаннан озған жанның да басын құбылаға қаратып, жаназасын шығарып бұлжытпай орындауға тырысқан.

Қазақ халқының жалпы ұлттық қасиетті ұғымына айналған имандылық сөзінің түп төркіні мен ілкі бастауының да мұсылман дінімен тоқайласып жататындығы белгілі. Иман ұғымы әуел баста Құран арқылы адамдардың санасына сіңсе де, уақыт өте келе халықтың ежелден қалыптасқан салт-дәстүрімен, таным-түсінігімен, наным-сенімімен біте қайнасып, жаңа бір сапалық деңгейге көтерілген ұғым. Халық түсінігіндегі иман сөзі діни шеңберден шығып, жалпы ұлттық, бүкіл адамзаттық құндылықтарды қамтитын ауқымды дүниетанымдық категорияны білдіреді.

Дін – қоғам өмірінің ерекше рухани саласы. Дін – жаратылыстан тыс бір құдіретті күш, адамдар арасындағы қатынастардың, идеялардың, әрекеттердің жиынтығы.

Дін – ауқымы кең, күрделі ұғым болғандықтан, діннің мәнін түсіндіру әрекеттерінің бәрі теологиялық, не болмаса ғылыми сипатқа ие. Дін ұғымына қатысты бірыңғай көзқарас жоқ. Дегенмен, кейбір мұсылмандық діни әдебиеттерде діннің синонимі ретінде «сенім» термині қолданылып, соңғы ғылыми сөздіктерде төмендегідей анықтама берілген:

«Дін – наным-сенім, Құдайға құлшылық. Қазақ тілінде «аса күрделі мәдени-қоғамдық сана, әлеуметтік құбылыс», «әлемді жаратушы бір Алланың барлығына шек келтірмеушілік» деген ұғымдарды да білдіреді. Қазақ фольклорлық жырларында «*дін тірегі*» деген мағынаны білдіретін «*дін қалғасы*», «*діні бір, діндес*» деген мағынадағы «*дін қарындас*», «*дінсіз, имансыз*» деген ұғымдағы «*діни қар*», «*діншіл, дінге берілген адам*» дегенді білдіретін «*діндарман, дінкәр*» тәрізді сөздер де кездеседі» [2]. Ал Құдайдың мәні мен әрекеті туралы діни жүйенің жиынтығын дін ілімі – теология зерттейді. Яғни, теология - (*гр.theos – құдай* +

logos – ilim) – Құдай туралы діни ілім, дінтану. Ол қасиетті мәтіндерге (Инжіл, Құран) және оларды философиялық мағыналауға негізделген.

Қазіргі дінтануда аймақтық таралуына орай, діннің негізін қалаушылардың рөліне орай (Мұхаммед, Будда, Иисус Христос), діни-наным ырымдарының салыстырмалы түрде қарапайымдылығына қарай әлемдік діндер қатарынан негізі үш дінді атауымызға болады. Олар – Ислам діні, Буддизм діні, Христиан діні.

Дін мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Дін мен мәдениет бір-бірімен ұштаса келе қоғамды ізгілікке шақырады.

Т.Қажыбайдың «Аран» повесіндегі «*жаназа*», «*иман келтіру*», «*алақан жаю*», «*құран оқу*» діни мағынадағы бірліктер ғана емес, этномәдени мазмұнды бірліктер. Қазақ дүниетанымында «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген ұстаным бар. Аруақтарды еске алып, алақан жайып құран оқу, садақа беру үлкен сый-құрметті білдіреді, адамның өз сенімін нығайтады. Күнделікті қарапайым тіршілікке ерекше берекет дарытып, қуаныш ұялатып тұрған сол – өткенге деген құрмет пен содан қуат алатын ақыл-ойдағы жақсылық бейнесі, ол – сенім. Міне, осы кезеңде ана тілінің қоғамдағы орны, тіл арқылы ұлтты тануға деген қажеттілік туады. Осындай ұлтты тануға негіз болатын ұлттық бояуы қалың да айшықты, ұлттық дүниетаным мазмұнды тілдік бірліктер – лингвомәдени (этномәдени) бірліктер. Халық мәдениетінің тілде сақталған көрінісі, яғни лингвомәдени бірліктер ғылыми тілде лингвокультурема деп те аталады.

Ғалым Ж.Манкеева: «Мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз, тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің ара қатынасы ерекше де маңызды, кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі» [3].

Этномәдени лексика – этностың ақыл-ой санасының, дүниетанымының нәтижесі – материалдық және рухани мәдениетінің тілдегі көрінісін таңбалайтын тіл бірліктерінің жүйесі.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Ғылыми зерттеудің негізгі нысаны ретінде жазушы Төлеген Қажыбайдың «Аран» повесіндегі діни ұғымдар алынды. Шығармадағы автор қолданысындағы діни ұғымдарды зерттеу барысында талдау, саралау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды.

Мақаланы жазу барысында Ж.Манкеева, Қ.Қабдыразақұлы, М.Исахан, М.Муслимов, С.Көкенай, Б.Сыддықовтың еңбектері басшылыққа алынды.

НӘТИЖЕЛЕР

Дәстүрлі қазақ қоғамында басты құндылықтарды діни дүниетаным құрайды. Дүниетаным – бұл шынайы болмысқа, ондағы адамның алар орнына, оны қоршаған әлемге және өз-өзіне деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар адамдардың осы көзқарастары арқылы қалыптасқан негізгі бірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары, таным мен қызмет принциптері құндылықтық бағыт-бағдарлары. Дәл осындай діни көзқарастардың бірлігін өз шығармашылығында ұтымды қолданған, діни дүниетанымы кең тұлғалардың бірі – Төлеген Қажыбай.

Дін мен тілді қатар зерттеу барысында ғалымдар арасында қалыптасқан әртүрлі көзқарастар әлеуметтік маңызы зор дін аясында адамның сөйлеу әрекетін тіл шеңберінде зерделейтін *теолингвистика* атты жаңа ғылым саласы пайда болды. Дін мен тілдің арақатынасы, бір-біріне қарама-қарсы қоғамдық сана формаларының байланысын ғалым Н.Б.Мечковская «Язык и религия» атты еңбегінде жан-жақты зерттеп, ойын төмендегідей тұжырымдайды: «По характеру своего содержания язык и религия занимают в ряду других форм общественного сознания крайние точки: это полярные противоположности. Язык включает в себе самую простую, элементарную картину мира; религия – самую сложную, при этом в содержание религии входят компоненты разной психической природы».

(чувственно-наглядной, логической, эмоциональной, интуитивной, трансцендентной). Язык и религия, с точки зрения философии, относятся к категориям духовной культуры человечества. Это две формы общественного сознания (наряду с обыденным, или массовым, сознанием, моралью и правом, искусством, наукой, философией, идеологией) т.е. два отображения мира в сознании человечества, два разных образа мира...» [4, 23].

Осыған байланысты «Аран» повесінде кездесетін автор қолданысындағы діни тілдік бірліктерді теолингвистикалық тұрғыдан қарастыру үшін төмендегі микромәтіндерге назар аударайық:

1-мәтін. «Кереге басына кепкеп көнегін ілген не сән, қайыңның қабығын кеміріп, қымыздықпен жуа теріп кеткен не сән, күркесінде қалған сүйек-саяқты иттің езуінен жырып алып қазандағы қара суға қайнатып, қатық еткен не сән, саптама етіктің май сіңді қонышын, терезе әйнегінің орнына тұтқан қарын құрышын турамшылап талғажау еткен не сән... Бәрі де аштық атты тойымсыз аждаһа аранын қанағаттандырсақ, тойындырсақ деген дәрменсіз әрекеттің өтеушісіндей болмашы тірлік, ақ сүйек болып жусап қалар ұлы аза – *жан азасы* алдындағы соңғы тұяқ серпілісі болатын» [5, 92].

Жаназа – өлген адамды ақтық сапарға шығарып салу рәсімдері. Бұл сөз көбіне мәйітке жан намазын оқуда қолданылады.

Жаназа – *зат.діни* қайтыс болған мұсылманға оқылатын намазбен байланысты өлген адамды соңғы сапарға аттандыру рәсімі, жерлеу [6].

2-мәтін. «Дорба түбі қағылып, кебеже түбі сарқылған шақта бейопа тірлікті тәрік еткісі келмеген үміті түскір өзекті тұстап үзілгенше жанталасып аласұрар әдеті емес пе. Төңіректі түртіне тіміскілеп, сұғанақтана қалар сорақылық *иба-иманды* қайтсын. Аласұрғызар ашқарақ сезім бас көтеріп алғанша ұяттықтың ала жібін аттай алмай шегіншектей тұрғанымен, ақиқөзденіп, дәуірлеп алған тұста ақыл-естен адасқан дүлейлікке басып, кімді тыңдасын» [5, 92].

Иба – 1.инабат, ұят, сыпайылық. 2. ізет, құрмет, ілтифат [6,186].

Иман – *зат. 1.діни-филос.* Ислам дініндегі бес парыздың бірі, Алла тағаланың жалғыз, біреу екеніне, Алладан басқа Құдайдың жоқтығына, Мұхаммед пайғамбар оның елшісі екеніне сену, мұсылмандықтың негізгі шарты. 2. *Діни.* Алла тағаладан, Құдайдан қорқушылық, мұсылмандық жолды, ахлақты ұстанушылық, діни сенім. 3. Адам бойына тән ізгілік, адалдық, ар-ұждан, ұят, адамгершілік.

3-мәтін.Осындай оймен Қожым бұлағына жеткен Жауғашты тосыннан шалқасынан түсердей қатты шошынды. Шошынғаны сол, өгізін жетекке алып келе жатқан басжіптен айрылып қалды.

« – Алла, алла, сұхан алла! – ала өгіздің артына қалай барып қалғанын сезбеген Жауғашты суға тұмсығын малмай, басын шайқап тұрған неменің тасасынан баспалап бұққан қалпы бұлақ тұсқа үңілген. «Адам ғой мынау теңкиіп жатқаны... Иә, адам... Ей, бейбақ-ай, үзілген жері осы ара болғаны да. Бұлақ басына не алам деп келді екен, су ішкісі келді ме жазған бейбақ...» [5, 94].

Алла – *зат.діни.* 18 мың Ғаламды, Қиямет-Қайымды жаратушы Құдай, асқан құдірет иесі.

Сұбхан, Субхан – (ар. субхан سبحان) 1. Алланы дәріптеу, мадақтау. 2. Күшті, таза деген ұғымды білдіретін Алла Тағаланың теңеуі.

4-мәтін. «Жауғашты бұлақ басына тізе бүкті де өлікке бағыштап аят оқыды. «Мүсәпірдің иманы жолдас болсын, алла-акбар!» деп бетін сипап етегін сілкіп орнынан тұрды. Енді не істерін білмеген адамша аңырып, аз-кем бөгелген. Бұлақ бастауына белуардан батып жатқан өлікті жалғыз өзі алып шыға алмасын сезді ме, әлде төңірегіне өліктің қолқа тебер жағымсыз иісін мұңкітіп жатқан мүсәпірдің маңына маңайлап баруға дәті жетпеді ме, әйтеуір аз-кем аңырыстан кейін, ала өгізін жетелеп ауылға оралды» [5, 97].

Иманы жолдас болсын – есім. і л е к. д і н и. Кісі өлгенде айтылатын марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын, күнәлары кешіріліп, жаны жаннатта болсын дегенді білдіретін тілек сөз.

Мүсәпір – араб тіліндегі мағынасы «*жолаушы, саяхатшы*». Бұл мағына қазақ фольклорлық жырларында кеңінен қолданылған. Қазіргі тілімізде «бейшара, сорлы» деген ауыспалы ұғымда қолданылады.

Алла-акбар – од. Алла ұлығ, Алладан ұлығ ешкім жоқ.

5-мәтін.

«– Қайыр, хош...

– Мұха, шынымен-ақ кеткеніңіз бе, ел-жұртпен қоштаспай, мұныңыз не? – деп абдыраған Жауғашты аңырып тұрып қалған.

– Әй, Жауғашты-ай, ел дейтін ел қалды ма. Бәрі сөгіліп кетіп жатыр емес пе? Жұт жайлаған мына жерден... О, жасаған, көрсетерің көп екен ғой. Тұрымтай тұсына деп... Хош, *ақиретте* табысайық [5, 433].

Ақирет – зат. 1. Діни. «Бұ дүниеге» қарама-қарсы мағынасындағы о дүниедегі мәңгілік, бақилық өмір, ислам дүниетанымындағы басты ұғымдардың бірі. Ақиретте кісі Аллаға, Пайғамбарға және дініне байланысты сұраққа тартылады [7, 247].

Діни лексикада өлімге қатысты ұғымдардың бірі – кебін. Құрамындағы негізі сөзі кебін болып келетін сөз тіркестеріне *мәйітті кебіндеу, кебін кию, ақ кебін, сүннет кебін, кифая кебін, зәру кебін* және т.б. жатады.

«Кебін» лексемасын автор «Аран» деген повесінде төмендегідей қолданады:

6-мәтін. «*Ақ кебінің* сүйреткен ажал-кемпір Шақалақтың түнгі түндігін түртінектей көтеріп қойып, қуыс-қуыс, бұрышты үңіле сүзіп жүргендей ме дерсің. Үңірейген соқыр, мылқау, өлі терезелер мен есіктер, қараңғылықтың қара албастысы иықтаған қотан бойы бір түрлі үрей шашып қорқынышты көрінеді» [5, 108].

Кебін – зат. (1) араб. Кәһан, мұсылмандардың өлген адамды орайтын ақыреті. Ерлердің кебіні үш қабат. (1) Лифафа – кебіннің ең сыртқысы. (2) Изар – кебіннің екінші қабаты. (3) Қамис – көйлек, әйелдер үшін бұлардан басқа (4) Хұмар бүркеніш – шаш жапқыш. (5)

«Кебін» лексемасының екінші бір қолданысы бар. Ол адамға қатысты емес, халық танымындағы тіл-көзден сақтау мақсатында бәйгеге қосатын тұлпарға жабатын жапқышты Хырқа деп атаған.

Хырқа – кеуде жапқыш ретінде пайдаланылады. Бәйге атының арнайы жабуы (мұнда аттың мойны, маңдайы тегіс жабық болады) [8, 48].

Автор кебін сөзінен басқа *бақұл бол, иманды болғыр, пақыр, дұға, кембағал* сияқты діни лексемаларды ақсирақ аштықтың ащы шындығын ашына да ашық көрсету мақсатында қолданғанын көреміз.

7-мәтін. «Үйден дауыс салып шыққан Биғайша ала өгіздің басжібін беліне қыстырған қалпы сай сүйегі сықыр-сықыр етіп ұзап бара жатқан қос арысты арбаның сонынан мұңая қарап тұрғап Жауғаштыны бассалды.

– Жәкесі-ау, қайным-ау, қош бол, *бақұл бол*. Енді қайтып көреміз бе, көрмейміз бе? Кеттік қой елден... Беті күйген қарабеттей... елмен де қоштаса алмай босып барамыз. Ашпыз... Кебеже түбін қаққан соң не отырыс бар. Қол жайғанмен кім аузындағысын жырып берсін» [5, 95].

БАҚҰЛ: бақұл бол. а) Әл үстінде жатқан адамның ағайын-туғанмен қоштасып арзыдасуы, ырзаласуы мағынасында айтатын сөзі.

Бақұл болды. а) қайтыс болды, о дүниелік болды. ә) өлімге басын тікті, бір нәрсенің жолына өмірін қиды.

8-мәтін. «*Иманды болғыр пақырлар*, жеткен жерлерің осы болғаны да. Тірілеріңде жарылқамаған алла ахиретте жарылқар деймісің. Тым болмаса жүздерің де жасырынбай қалды-ау. Ит тірлік-ай, мұсылманғұрпымен беттеріңді де жасыра алмадым-ау. Қарайғаннан қорқып... Ит болдым ғой. Кешіріңдер, пақырларым, кешіріңдер...». Өз-өзінен күбірлеген шал сықырлаған арба үстінде жол бойында көмусіз қарға, құзғынға жем болып қалып бара жатқан жолаушыларға бағыштап *дұға оқып, бетін сипаған* [5, 104].

Иманды болғыр – әдетте марқұм болған кісі туралы айтқанда күнәдан пәк, таза, адал болғыр, иманы кәміл болғыр деген мағынадағы тілек сөз.

Пақыр – негізгі қажеттіліктерінен басқа діни мөлшердегі дүние-мүлкі болмаған адам.

Дұға – сұрау, жалбарыну. Адамның өзінің немесе басқа біреудің арман-мақсатына жетуі үшін Алла Тағалаға жалбарынуы.

9-мәтін. «Жұлығы тесіліп, өкшесі тайған сірі етік, барқыт бедері әбден тозып жып-жылтыр болып біткен сырма шалбар, бір ұшы су бетінде діріл қағып, бір батып, бір шығып жатқан шүберек белбеу, иесінен аулақ, анау жатқан елтірі бөрікке шейін осынау пенденің *кембағал* халін көрер көзге тым жүдеу әрі аянышты қалпымен елестеткендей еді.

Кембағал – (пар. кәмбағал كمبرغل) – кедей, жарлы [5, 230].

Аталған туындыда автор зұлмат заманның нәубетін көрсету үшін діни лексемадан басқа мынадай қолданыстары бар: *аруақ, бейбақ, өлік, тас-талқаны шығу, тоз-тоз болу, имансыз, обал, мүшкіл хал, өлі тән, жан тәсілім ету*.

Сонымен қатар заман бейнесін шындыққа жанастыра, оқырманға әсерлі жеткізу мақсатында қазақ дүниетанымына тән ұлттық өлшем бірліктерін (*бір үзім нан, бір уыс бидай, бірер нұт бидай, бірер қасық бидай, бірер кесе шәй, бір шелек су, бірер уыс ұн, бір қасық көже*) шебер қолданады.

ТАЛҚЫЛАУ

Әр халықтың діни қағидаларына және діни салт-дәстүріне қатысты ерекшеліктерді нақты танытатын қатар – теологиялық мазмұндағы фразалық тіркестер. Қазақ халқының діни салттарды ұстану дағдысынан тұрақталған автор қолданысындағы *бата беру, жеті нан пісіру, топырақ салу, жаназасын шығару, алақан жаю, бетін сипау* фразалары басқа әлемдік діндерде (Христиан, Будда) кездеспейді. Бұлар ұлттық мәдениетке негізделген түсінік, ұғымның күрделі тұрақты атаулары.

Қаламгер Төлеген Қажыбайдың діни көзқарасы қазақ халқының арғы ата-бабасынан бергі ұстанып келе жатқан ислам аясында қалыптасқаны даусыз. Екіншісі бірі қолдана бермейтін автордың қаламына ғана тән діни лексиканы (*кебін, ақірет, кембағал, пақыр, бақұл бол дұрыс түсіну* мақсатында) көпшілікке, жастарға, түсінікті болу үшін автор шығармасында қисынын тауып, орайластыра қолданған.

Мысалы, халық қолданысында басын құбылаға бұрды, жүзін құбылаға бұрды, бетін құбылаға бұрды деген фраземалар да кездесіп жатады. Оны мына сөздіктен байқауымызға болады:

Бетін құбылаға бұрды. Жүзін (басын) құбыла жаққа, күннің батысына қарай түзеді. Сөйтсем, төрдің қақ төбесінде бетін құбылаға беріп, Мақпал намаз оқып отыр (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Кім болды екен деп жақындасам, әкем екен. Құбылаға бетін беріп, шарт жүгініп күбірлеп отыр (Т.Иманбеков, Үш ай.). Осыдан үш күн бұрын мынау оң жақ бұрышта басын құбылаға беріп әкесі жатып еді (С.Мұратбеков, Жабайы.) [9, 226].

Қазақ өміріндегі дінге байланысты әртүрлі қолданыстарды бүгінгі оқырман, әсіресе кейінгі ұрпақ жан-жақты эрудит Т.Қажыбайдың шығармаларынан оқып түсіне алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дін тақырыбына қатысты ұғым, түсінік бүгінгі таңға дейін өзекті. Шығармада дін мен тіл сабақтастығын орайластыру кез келген қаламгердің қолынан келе бермейді.

Қазіргі қазақ әдебиетінің әр жанрына үлес қосқан қаламгер – Төлеген Қажыбай «Аран» повесінде қазақ танымына, қазақ болмысына сай діни лексиканы орынды қолданғанына көз жеткіздік.

Діни лексиканы зерттеу – дінді зерттеу емес, ол тіл арқылы халықтың ертедегі рухани байлығын жан-жақты қарастыру болып табылады.

Қорыта айтқанда, Т.Қажыбайдың «Аран» повесі ұлт табиғатын, болмысын, таным-түсінігін, тарихын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, ұлт мәдениеті мен рухани қазынасын жан-жақты, әр қырынан танытатын көркем туынды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қобдабай Қабдыразақұлы. Қазақтың дін туралы танымы <https://abai.kz/post/68594>
- 2 Құрманбайұлы Ш., Исақова С., Мизамхан Б. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі // – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 2019. – 596 б.
- 3 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері// Тілтаным, 2001. -№4.-39-44 бб.
- 4 Мечковская Н.Б. Язык и религия: Пособие для студентов гуман. вузов. – М.: Агенство «ФАИР», 1998. – 352 с.
- 5 Қажыбай Т. Қанкешу повестер. – Ақмола, 1995. <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/storage/upload/318/2020/05/22/d41713c47346e539eb7bff219c7891d2.pdf&ln=kz>
- 6 Исахан М., Муслимов М., Көкенай С., Сыддықов Б. Исламдық терминдер сөздігі / – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015. – 60 б.
- 7 Жанұзақ Т., Омарбеков С., Жүнісбек Ә. / Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, 2011.
- 8 Қайыржан К. Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: "Өнер" баспасы, 2013. – 480 б.
- 9 Малбақов М., Оңғарбаев Н., Үдербаев Н. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том// – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.

Материал 22.06.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Qobdabai Qabdyrazaquly. *Qazaqtyñ din turaly tanymy* [Kazakh knowledge of religion] <https://abai.kz/post/68594>
- 2 Qurmanbaiuly Sh., Isaqova S., Mizamhan B. *Qazaq tiliniñ kirme sózder sózdigi* [Dictionary of foreign words of the Kazakh language] (Almaty, 2019).
- 3 Mankeeva J. *Qazaq tilin zertteydiñ kognitivtik negizderi* [Cognitive foundations of the study of the Kazakh language] (Tiltanym, 2001).
- 4 Mechkovskaja N.B. *Iazyk i religia: Posobie dlia stýdentov gyman. výzov.* [Language and Religion: A manual for human students Universities] (M.: 1998).
- 5 Qajybai T. *Qankeshy povester.* [The story of kankeshu] (Aqmola, 1995). <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/storage/upload/318/2020/05/22/d41713c47346e539eb7bff219c7891d2.pdf&ln=kz>
- 6 Isahan M., Mýslimov M., Kókenai S., Syddyqov B. *Islamdyq terminder sózdigi//* [Dictionary of Islamic terms] (Astana, 2015).
- 7 Januzaq T., Omarbekov S., Júnisbek Ә. *Qazaq әdebi tiliniñ sózdigi.* [Dictionary of the Kazakh literary language] (Almaty, 2011).
- 8 Qaiyrjan K., Sóz - sandyq: Qazaqtyñ kóne sózderi. [Word-digital: ancient Kazakh words] (Almaty, 2013).
- 9 Malbaqov M., Oñgarbaev N., Üderbaev N. *Qazaq әdebi tiliniñ sózdigi.* [Dictionary of the Kazakh literary language] (Almaty, 2009).

Религиозное название в произведениях Т. Кажыбая

Р.Ж. Киякова¹, Г.Ш.Шахманова¹, Т.Берикбол¹

¹Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье рассматривается религиозная лексика, встречающаяся в повести писателя Толегена Кажыбая «Аран» с целью изучения духовного богатства народа через язык.

В произведении писателя рационально использовались религиозные понятия для описания персонажей, отражения их поступков, изображения сцен голодного времени. Писатель описал состояние и быт героев повести с помощью казахского мировоззрения. В то же время, несмотря на трудные времена, он выделял религиозную культуру, такую как погребальный саван, похороны, соболезнования, заупокойная молитва. В этой статье из отрывков из повести "Аран" можно проследить тесную взаимосвязь понятий религия, культура, язык. Анализируются используемые автором религиозные языковые единицы из словаря заимствованных слов, словаря исламских терминов и словарей казахского литературного языка.

Ключевые слова: этнокультурная лексика, лингвокультурема, национальное мировоззрение, теология, теолингвистика, религиозное понятие, ислам.

Материал поступил в редакцию журнала 22.06.2023

Religious edification in the works of T.Kazhybai

R.Zh. Kiyakov¹, G.Sh.Shakhmanova¹, T.Berikbol¹

¹ Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article examines the religious vocabulary found in the novel of Tolegen Kazhybai "Aran" in order to study the spiritual wealth of the people through language.

In the writer's work, religious concepts were rationally used to describe the characters, reflect their actions, depict scenes of the times of hunger. The writer described the state and life of the heroes of the story with the help of the Kazakh worldview. At the same time, despite difficult times, he emphasized religious culture, such as the funeral shroud, funerals, condolences, funeral prayer. In this article, in the story "Aran", one can trace the close relationship between the concepts of religious, culture, and language. The article analyzes the religious linguistic units used by the author from the dictionary of borrowed words, the dictionary of Islamic terms and dictionaries of the Kazakh literary language.

Key words: ethnocultural vocabulary, linguoculturema, national worldview, theology, theolinguistics, religious concept, Islam.

Received: 22.06.2023

XFTAP 17.09.91

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp110-121](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp110-121)

Б.Б.Тагудретова¹, Ж.Т.Қадыров²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

²М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, 150000, Қазақстан Республикасы

МАРХАБАТ БАЙҒҰТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПОРТРЕТТІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Мақалада жазушы Мархабат Байғұттың портрет жасаудағы шеберлігіне жан-жақты талдау жасалынады. Әлемдік әдеби дамуда портрет уақыт алға жылжыған сайын күрделене түсіп, психологиялық тереңдікке ие болған. Мархабат Байғұт шығармаларында